

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Әке мен бала»

Қамшы ұстарды тәрбиелеу – ұлттық құндылық

Мақсаты:

- Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- Балаларды батылдыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу;
- Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;
- Ұлттық тәрбиені спорт арқылы байланыстыру.

Өту формасы:

Спорттық-музыкалық мерекелік сайыс (әке мен бала жұбымен)

Қатысушылар:

Әкелер мен балалары (әр топтан 3–4 жұп)

Тәрбиеші Самық Рима

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, әкелер мен балалар!

Бүгінгі «Әке мен бала» атты отбасылық сайысымызға қош келдіңіздер!

Бүгін біз әкелеріміздің ерлігін, баламыздың ептілігін, отбасылық татулықты бірге тамашалаймыз.

(Музыкалық сәлемдесу, балалар биі немесе өлең)

II. Таныстыру

Әр жұп өзін таныстырады:

- Топ атауы
- Ұраны
- Қысқаша таныстыру (Әке аты-жөні, бала аты, хоббилері)

III. Сайыс кезеңдері

1. «Жолбарыс жүріс»

Әке баласын арқасына мінгізіп, белгіленген қашықтықты жүріп өтеді.

Бағаланады: күш, шапшаңдық.

2. «Кім жылдам?»

Әке мен бала допты баспен итеріп кедергілерден өтеді.

3. «Жіппен секір!»

Екеуі бірге ұзын жіппен секіреді (бірге қозғалыс үйлестіру).

4. «Нағыз қамшы ұстар»

Балалар киіз үйдің макеті ішінде ұлттық ойын элементін (асық ату, арқан тартыс) орындайды, әкесі көмектеседі.

Бағдарламаға ұлттық нақыш енгізу.

5. «Ақыл мен айла» (викторина)

Қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық тағамдар, батырлар туралы 2–3 сұрақ (жылдам жауап беру).

Әке мен бала бірігіп жауап береді.

IV. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

Сіздердің бүгінгі көрсеткен өнерлеріңіз бен ұйымшылдықтарыңыз – нағыз қамшы ұстар ұл тәрбиелеп отырған әкелердің үлгісі!

Марапаттау:

«Ең ұйымшыл жұп»

«Ең шапшаң әке мен бала»

«Ұлттық рухты жұп»

Алғыс хаттар, сыйлықтар

Музыкамен сүйемелдеу:

Күй немесе ұлттық әуендер

Балалардың орындауындағы әндер (мысалы: «Менің әкем ең күшті!»)